

**Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға, ардагерлерге және 1, 2 топтағы мүгедек азаматтарға, аз қамтамасыз етілген отбасыларға қаржылай, заттай көмек көрсету мөлшерлемесі туралы**

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 10 сессиясының 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 115 шешімі. Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Әділет басқармасында 2008 жылғы 29 желтоқсанда N 8-10-77 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 18 сессиясының 2009 жылғы 23 желтоқсандағы N 192 шешімімен

*Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 18 сессиясының 2009.12.23 N 192 шешімімен.*

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 15 және 16-баптарына, "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" "Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24-желтоқсанындағы Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Т І :**

1. Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға, ардагерлерге және 1, 2 топтағы мүгедек азаматтарға, аз қамтамасыз етілген отбасыларға қаржылай, заттай көмек көрсету қосымшаға с ә й к е с б е л г і л е н с і н .

2. Жоғарыда көрсетілген санаттағы азаматтарға әлеуметтік көмек, қолдаулар көрсету барысында бекітілген мөлшерлемені қатан сақтау ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (А. Түсіпбеков) міндеттелсін.

3. Осы шешімнің орындалысына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С . Ә б е у о в а ға жү к т е л с і н .

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Р. Жарылғасынов*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*М. Оңғарқұлов*

К Е Л І С І Л Д І

Ауданның жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімінің бастығы А. Түсіпбеков

23.12.2008 ж.

Ақтоғай аудандық мәслихатының  
2008 жылғы 23 желтоқсандағы  
10 сессиясының N 115 шешіміне  
қосымша

**Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға, ардагерлерге және 1, 2 топтағы мүгедек азаматтарға, аз қамтамасыз етілген отбасыларға қаржылай, заттай көмек көрсету мөлшерлемесі**

1. Денсаулығын түзетуге байланысты берілетін қаржылай көмек айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшеріне дейін, Астана, Алматы қалаларына квотамен барғандарға және туберкулез, онкологиялық ауруымен ауырғандарға ұсынған құжаттарына сай жол шығынын толық мөлшерде төлеу;

1.1. Аталған көмек түрін аудандық медицина бірлестігінің қалаға берген жолдамасымен барып келгеннен кейін төлеу.

2. Отбасы жағдайына байланысты көмір, отын сатып алуға қаржылай көмек отбасының жиынтық табысы азық – түлік себетінің облыста белгіленген мөлшерінен аспаған жағдайда айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшеріне дейін немесе заттай беру;

2.2. Аталған көмекті жылына бір – ақ рет беру.

3. Ұлы Отан соғысына қатысушылары мен мүгедектері және соларға теңестірілгендерді жыл сайын 1 дана республикалық газетке, ал 1, 2 топтағы мүгедектерді және аз қамтамасыз етілген отбасыларын отбасының жиынтық табысы азық – түлік себетінің облыста белгіленген мөлшерінен аспаған жағдайда жыл сайын 1 дана облыстық газетке тегін жаздыру.